



**Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті**

**Костанайский государственный университет
имени Ахмета Байтурсынова**

«Иннова - 2016»

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-методической конференции
«Иннова - 2016»**

15 қаңтар 2016 ж.

15 января 2016 г.



Костанай, 2016

Раздел 4 ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Алпыспаева З. Т. К проблеме вторичной социализации личности в процессе изучения иностранного языка.....	162
Абдибекова А.Е. Тіл мен мәдениеттің өзарақарым-қатынасы.....	164
Абильбекова Б.Т. Тіл қазынасының бір бөлігі – фразеологизмдер.....	167
Ahmetova L.S. The question of implementation multilingualism in higher education in Kazakhstan	170
Ахметчина К.Е. Духовно-нравственное воспитание в условиях межкультурной коммуникации..	172
Беркенова Б. Б. Использование фразеологизмов в произведениях О.Сулейменова.....	175
Данекенова А.Б.Формирование поликультурной личности	176
Качеев Д. А. Методика преподавания философии в полиязычной группе.....	178
Колдыбаев С.А. Из опыта преподавания на английском языке философии и политологии.....	180
Кулик А. В. Преподавание философских дисциплин на английском языке.....	182
Кучерявая Т. Л. К вопросу о полиязычном обучении студентов вузов.....	184
Мустафина К. Е. Основные проблемы реализации полиязычного обучения в контексте глобализации образования.....	187
Милушкин С.И. Проблематика толерантности в современном Казахстане.....	189
Мирошниченко В. В. Формирование этнорегиональной идентичности учителя: к постановке проблемы.....	191
Назарбекова З. М. Из опыта изложения темы «Демократия» на английском языке.....	193
Омарова З.К. Современные тенденции развития полиязычного образования в системе высшей школы.....	196
Сарманова Ф. Т. Өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүр.....	198
Сарманова Ф. Т. Кәсіби лексиканы үйретудің ерекшеліктері.....	200
Смирнова С. М. Роль и значение интерактивного обучения.....	203
Созина Т. Н. Философские и психологические аспекты полиязычного образования.....	205
Тасмағамбетова З.Ж. Жоғары оқу орны студенттері практикадан өту кезінде кәсіби құзыреттерді қалып тастыру.....	208
Ченига О. И. К вопросу о полиязычном образовании в многоязычном пространстве.....	211
ШолпанбаеваҒ. Ә., ЛовцоваД. П. Көптілділік бүгінгі заманның ең басты өзекті мәселелерінің бірі.....	213
✓ <u>Журсиалина Г.Қ.</u> Үш тұғырлы тіл – еліміздегі ұлттық руханиятымыздың өзегі және халықаралық бірлікті нығайтудың сипаты.....	217
Завитова Т.Ю. Особенности подготовки студентов к работе над профессионально-ориентированными текстами.....	219
Касьянова Вера Пахомовна Использование игрового метода в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку студентов экономических специальностей.....	222
Кульбаева М.М. Көптілділіктің қазіргі және болашақтағы көрінісі.....	225
Нурсентова А.К. О формировании полиязычной личности студента на занятиях по русскому языку.....	227
Утегенова Б.М.Инновационный учитель. или почему учителю необходимо меняться?...	229

- көптілді білім беру - бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

- билингвалды білім беру - оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үдерісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану;

- әрбір мектеп бітірген Қазақстан Республикасының азаматы қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біліп шығады;

- көптілді меңгерген оқушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;

- көптілді меңгеру еңбек нарығында да жоғары бағаланады;

- алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді.

Демек, «Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры - ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі - тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету қазақстандықтардың ортақ парызы. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың. Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу мақсатына өз үлесіміз бар екендігін мақтан тұтамыз!

Библиографиялық тізім

1. Солташұлы Ы. Заман талабы – көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша - 2012 ж. № 11. 14-15 б.
2. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана-2012 ж. 115-120 б.
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 116 б.
4. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово/Slovo, 2008. с – 264-270
5. http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody. Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты.
6. <http://www.surak-zhauap.kz/>

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ЕЛІМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗДЫҢ ӨЗЕГІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ СИПАТЫ

Журсиналина Г.Қ.

. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, филология ғылымдарының кандидаты

Көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. «Қазақстан үштілділіктің әлеуметтік кеңістігіне айналуға Б. Хасанұлының Қазақстандық «тілдердің үштұғырлығы» саясатына қатысты: «Көпұлысты тілдік қатынас сұранысы – үштілділік. Қазақстандағы қостілділікті де, үштілділікті де тек қана Қазақстанның мемлекеттік тілі негізінде дамыту шарт», - деген пікірі бұл мәселенің мән-жайын ашып береді [1, 48 б.]. Шын мәнінде, үштілділікті мемлекеттік тіл негізінде дамытқан кезде ғана бұл мәселе дұрыс шешімін табады. Үштілділіктің қазақ тілі сыңарын алдымен дамытуды басты назарға ұстай отырып, жүргізілген тіл саясаты еліміздегі әлеуметтік - тілдік ахуалдың тұрақтылығын, мемлекеттік мәртебесіндегі қазақ тілінің кеңінен қанат жаюын қамтамасыз етеді. Сол кезде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де бірге қолдануға қабілетті мүшелерден тұратын қоғамға айналады. Көпұлтты Қазақстанның жағдайында «Үш тұғырлы тіл» ұлттық мәдени жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Сондықтан

да Қазақстан Республикасындағы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 4-мақсаты ретінде айқындалған Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту мәселесі – аса өзекті мәселелердің қатарынан орын алатыны дәлелдеуді қажет етеді.

Қазақстандағы тілдердің үштұғырлылығы туралы ойды Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясында айтқан еді. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталған халыққа Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» мәдени жобасының жүзеге асырылу кезеңдерін айқындады. 2014 жылы кезекті Қазақстан халқына Жолдауында да: «Үкімет «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруда. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», – деп атап көрсетті. Тілдердің үш тұғырлылығы идеясына Елбасы нақты анықтамасын да береді: қазақ тілі мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін атқарса, орыс тілі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет етеді, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді. Осыдан артық қандай нақтылы анықтама керек?! Бұл жердегі ең мәндісі де, маңыздысы да, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі екендігі сөзсіз, әрбір қазақстандық мойындауға тиісті ақиқат.

Жалпы, біздің халықта үш тілді де өз деңгейінде игеру, қабылдау мен қолдануға деген дұрыс түсіністік қалыптасқан. Оның қазіргі өмір талабы екені, бүкіл әлемді жайлаған бәсекелестік жағдайында оған төтеп берудің бірден-бір жолы қоғамдағы қажеттілігіне тікелей байланысты екенін де біздің заманымыздағы әрбір саналы адам түсіністікпен қабылдап отыр деп айтуға болады.

Тілді меңгеру қажеттіліктен туады. Осы тұрғыдан келгенде, біздің қоғамда бұрыннан қалыптасып қалған тілдік қолданыс үдерісінде орыс тіліне деген айқын басымдық байқалады. Арада қаншама жыл өтсе де, жасыратыны жоқ, сол кеңестік саясат ұшығының лебі әлі сезіледі.

Тіл – ұлттың тірегі. Ол – жан дүниенді ашып көрсететін мөлдір айна. Осы айна бетіндегі тоталитарлық жүйе түсірген дақты кетіріп, дидарымызды анық көруге ұмтылғалы да біраз жыл болды.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: “...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ,” [2, 63]. – деп тіл жайында терең толғанған екен кезінде.

«Тіл саясаты ағылшынша language policy – ұлт саясатының ажырамас бөлігі; белгілі субъектілердің (мемлекеттік билік, қоғамдық топтар, партия т.б.) тіл дамуына саналы әрі мақсатты түрде ықпал етудің теориясы мен практикасы. Тілдердің қызмет етуіне мақсатты және ғылыми негізде басшылық ету және тілдік қатынас құралдарының жаңа түрлерін жасау және жетілдіру; ұлт мәселесі бойынша тілге қатысты мемлекеттік саясаттың аспектілері. Тілдік саясат имплицитті (қаулылармен қабылданған құжаттар, іс – шарасыз және практикалық тұрғыдан жүзеге асырылатын) немесе эксплицитті (заң актілері, мемлекеттік бағдарламалармен жетілдірілген) болады. Мысалы, Тіл саясаты Канададағы «эртекті мәдени және тілдік нақыштар» онда бір орталыққа бағындырылған (Оттаваның федералдық үкіметі тарапынан) және аймақтық (Квебек неміс провинциялық үкіметі тарапынан) саясат жүргізіледі» [3, 446].

Ал, зерттеуші В. А. Аврориннің пікірі бойынша, шын мәнінде тіл саясаты дегеніміз – «Мемлекет арқылы саналы түрде жүргізілетін реттеушілік іс – қимылдар – тілдің

функционалдық жағын жетілдіру үшін жүргізілетін белгілі бір жағдайларда тіл құрылымына әсер ету». Ғалым тіл саясатына берген анықтамасында: «Тіл саясатын ғылыми негізделген, болашаққа бағытталған қоғамды басқару саясаты», - дейді. «Басқару органдары тап, партия, саяси билік арқылы функционалдық және құрылымдық аспектіде саяси жүйені басқару», - деп атап көрсетеді. [4, 102]

Н. Ә. Назарбаев тіл саясатында мемлекеттік тіл туралы былай деп атап көрсетті: «Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып – үйренуге, білуге тиіс. Ел болашағы — білімді ұрпақта. Бұл орайда, бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды» [5, 27 мамыр].

Тіл саясаты – тіліді қолданушылар мен мемлекеттік биліктің өзара байланысының жемісі.

Тіл заңын жүзеге асыру үрдісінде адамда үш мүдде – кәсіби, саяси, тілдік мүдде бір арнаға келіп тоғысады. Біздің елде кез келген кәсіп иесі ана тілінің қамын ойлайды. Ана тілінің қамын жеген адам саясаттан тыс бола алмайды. Қазақстанның тіл саясатын зерттеушілердің айтуынша негізі төрт бағытта даму байқалады :

Мемлекеттік тілдің қолданылуы

Орыс тілінің қолданылуы

Ұлт тілдерін қолдану

Шет ел тілдерін үйрену.

Қазақстандық социолінгвистердің пікірінше, (Э.Д.Сулейменова, Д.Х. Аканова), Қазақстанда жасалып жатқан тіл саясаты орталықтандырылған (себебі, бұл іске тікелей мемлекет араласады, барлығын міндеттейтін шаралар өткізеді), перспективті (себебі, қазіргі тіл ахуалын өзгертуге құрылған), демократиялық (себебі, әлеумет топтардың барлық қырын ескереді), ұлтаралық (себебі, атқаралып жатқан шараның негізгі бағыты қазақ тілін дамыту, орыс тілін, және де басқа ада этностадың тілдерін дамыту көздейді), конструктивті (себебі, тілді қолдану салаларындағы тіл функцияларын дамытуға бағытталған және әдеби қазақ тілінің кең таралуы мен әлеуметтік-қолданбалы рөлін дамытуға бағытталған). Бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Мысалға, ежелгі дүниедегі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған. Сондай-ақ, бүгінгі Еуропада да көп тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Яғни, бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады [6, 102].

Атап айтарлығы, көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы ұлттық руханиятымыздың өзегі, қоғамдық келісім мен халықаралық бірлікті нығайтудың да негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес екендігін мықтап есте сақтағанымыз абзал.

Мәдениеттер мен тілдердің сан алуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, мемлекет Қазақстандағы халықтардың барлығының мүдделерін ескере отырып, посткеңестік кеңістікте ең либералдық тілдік саясат жүргізді. Соның дәлелі болар, бүгінгі таңда кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын, сөйлейтінін, шығарма жазатынын ерікті түрде таңдай алады.

Біздің қоғамда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр. Біздің жетістігіміз – басқа этностардың құқықтарына ешқандай да қысым жасалмауы. Сонымен қоса, біз тағы бір аса маңызды мәселе – мемлекеттік тілді барша қазақстандықтардың меңгеруіне толықтай барлық жағдай туғызып отырғандығымыз. Өйткені, бұл да халықаралық тәжірибеде бар үрдіс.

Әлемдегі барлық мемлекеттердің 4 пайызы ғана бірұлтты. Полиэтникалық мемлекеттердің барлығы бір тілді қоғам құруға ұмтылып келеді. Еуропа ұлттары тіл бірлігі мен капитализм, яғни стандартты индустрия, ортақ кәсіптік біліктілік, ортақ баспасөз т.б. нарық институттары мен

саяси биліктің ортақтығы арқасында қалыптасты. Қазақстанда да тілдік тұтастық проблемасы ешқашан күн тәртібінен түспеуі тиіс. Абсолютизм дәуірінде Еуропа елдерінде түрлі халықтар ортақ тілге күшпен біріктірілді. Францияда француз тілі XIII ғасырда, Англияда ағылшын тілі Шотландия мен Ирландияны жаулап алғаннан кейін жаппай енгізіле бастады. Отарлаушылардың зорлығымен испан және португал тілдері оңтүстік америкада, ағылшын тілі солтүстік америкада жергілікті тілдерді ығыстырды. Мысалға, АҚШ көпұлтты мемлекет болғанымен, әлі күнге дейін бюджет қаржысы тек ағылшын тілінде оқытатын мектептерге ғана бөлінеді. Мемлекеттік білім жүйесі мен стандартты индустрия Батыс Еуропа елдерінде де, АҚШ-та да тілдік тұтастықты күшпен қалыптастырудың құралына айналды Кеңес Одағында да орыс тілінде іс жүргізу міндетті болды. Мұның салдары қазіргі Қазақстанда ұлттық тілдердің қолданылу аясының тарлығынан байқалады. Орыс тілі әлі де болса Қазақстан халқын тұтастандырушы, қоғамды тұрақтандырушы роль атқарып келеді [7, 131]. Бірақ, қазақ ұлты өкілдері қазақ тілі мемлекеттік істерді жүргізуге қолданылсын, қазақстандықтардың барлығы сөйлейтін жалпықхалықтық тілге айналсын деген талап қойып отырмыз. Қазір біз абсолютизм дәуіріндегідей немесе кеңестік тоталитарлық жүйе кезіндегідей халықтарды белгілі бір тілге күштеп біріктіре алмаймыз.

Біз Қазақстан халқын тілдік бірлікке келтірудің мүмкін механизмдерін анықтау үшін еліміздегі қазіргі тілдік ситуацияны талдай отырып, шетел тәжірибесін сараптауға тиіспіз. Тұтасымен алғанда, қазақтар өздерін «әлемнің азаматтары», әлемдік қауымдастықтың бөлігі деп сезінеді, мәселенің маңызын жалпы ғаламдық ауқымда түсінеді, Қазақстанның жаһандану үрдісіне қосылуын мойындайды және бұл қосылуды қажет деп табады. Яғни, үш тілді білу дегеніміз - баянды болашағымыздың кепілі болады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиетер:

1. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері (Оқу құралы).—Алматы: Қазмемқызпединституты, 2006.—1-48б.

2. М. Жұмабаев Таңдамалы шығармалары А., 1995ж

3. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» — ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауы.

4. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. М, 1990.

5. Н.Ә. Назарбаев. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 мамыр.

6. Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. Алматы: Мектеп, 1999. – 160 с.

7. Концептуальная картина мира и интерпретативное поле текста с позиций лингвистики, журналистики и коммуникативистики : (сб. материалов всерос. науч.-практ. конф., 20-23 июня 1999 г.) / отв. ред. А.А. Стриженко. – Барнаул : Изд-во Алт. гос. техн. ун-та, 2000. – 243

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ К РАБОТЕ НАД ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫМИ ТЕКСТАМИ

Завитова Т.Ю.

Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Сегодня в обществе усилена потребность в высококвалифицированных кадрах с прочными знаниями, уважительно относящихся к своему делу, ориентирующихся на профессионально значимые и культурные ценности. Проблема профессионально ориентированного обучения признается в настоящее время приоритетным направлением в обновлении образования. Под профессионально-ориентированным понимают обучение иностранному языку, основанное на учете потребностей, диктуемых особенностями будущей профессии.